

БӨЛІМ: ГЕОГРАФИЯ

Геосаясаттың негізгі категорияларын мақсатын, міндеттерін, зерттеу нысандарын түсіндіру.ЖАРИЯЛАНДЫ
11.06.2021СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/100630/>

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімі:

Геосаясат

Бөлімше: Геосаясат негіздері. Геосаясаттың өзектілігі.

Күні:

Сынып: 10 Мектеп: Чапаев ЖОББМ КММ

Мұғалімнің аты-жөні: Тореалиев Д.К.

Қатысқандар: Қатыспағандар:

Сабақтың тақырыбы: Геосаясаттың негізгі категорияларын мақсатын, міндеттерін, зерттеу нысандарын түсіндіру.

Осы сабақта қол жеткізетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме) 10.5.1.2 геосаясаттың негізгі категорияларын түсіндіру

Сабақтың мақсаты — Геосаясат ұғымына анықтама беру

— Геосаясаттың мақсаты мен міндетін, зерттеу пәнін түсіндіру

— Дүниежүзіндегі ірі геосаяси оқиғаларды атап, оларды талдау

Бағалау критерийі Геосаясат ұғымына анықтама береді; Геосаясаттың мақсаты мен міндетін, зерттеу пәнін түсіндіреді; Дүниежүзіндегі ірі геосаяси оқиғаларды атайды; Геосаясаттың мемлекет орны мен дамуына әсерін біледі; Жекелеген елдердің геосаяси орны мен саяси мүмкіндіктеріне талдау жасайды;

Саяси картаның өзгеруіне әсер ететін факторларды анықтайды.

Тілдік мақсаттар Оқушылар қолданады:

Пәнге қатысты терминдер мен негізгі сөз тіркестері: геосаясат, саяси карта, саясат, саяси география, геосаяси оқиғалар, мемлекеттің геосаяси орны

Геосаясат бағытталған саясат.

Саяси картаның өзгеруіне әсер ететін факторлар.....

Мемлекеттің геосаяси орны дегеніміз.....

Талқылауға арналған тармақтар:

Құндылықтарға баулу Құндылықтар:

-Ынтымақтастық

-Құрмет

Оқушылар жұптасып және топтасып жұмыс істеу кезінде ынтымақтастықта жұмыс жасауды, бір-біріне құрмет көрсетуді үйренеді.

Пәнаралық байланыс Тарих, саясаттану, саяси география

Алдыңғы білім Оқушылар табиғат зоналары мен биіктік белдеулерінің қалыптасу заңдылығын біледі.

САБАҚ БАРЫСЫ

Сабақтың жоспарланған кезеңі

Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері Ресурстар

Сабақтың басы

Ұйымдастыру кезеңі. Амандасу

Суреттерге қарап тақырыпты анықтау

Сабақтың тақырыбы мен сабақ мақсаттарын таныстыру. Саналу арқылы топқа бөліну.

Миға шабуыл сұрақтары

География мен саясаттың байланысы неде?

Өз ойыңызды дәлелдеп көріңіз?

Алдымен оқушылардан терминдерге өздерінің анықтама берулері сұралады. Содан соң, саяси карта, саяси география, геосаясат, мемлекеттің геосаяси орны, саяси қатынастар туралы ақпараттар беріледі, сыныппен талданады.

Сабақтың ортасы

Тапсырма 1. Топтық жұмыс. «Ойлан-топтас-бөліс».

Мәтінмен жұмыс. Берілген мәтінді жақсылап оқып, топта талдап, келесі топқа 3 сұрақ құрастырыңыздар.

Дескрипторлар Білім алушы:

-Мәліметтердің өзектілігін сақтайды;

-3 сапалы сұрақ құрастырады.

Тапсырма. 1-2 топқа арналған тапсырмалар.

Тақырыпқа байланысты сұрақтар:

Дүниежүзіндегі ірі геосаяси оқиғаларды атаңыз.

«Африка жылы» деген атау қандай оқиғалармен байланысты.

1950-1953 жылдардағы Корей соғысы туралы не білесіз? Бұл соғыс тоқтады ма?

КСРО-ның ыдырауы қандай саяси өзгерістерге алып келді?

ТАПСЫРМА.

Екі топ дүниежүзіндегі геосаяси оқиғалардың бірін таңдап, іс-қимылдар арқылы бір-біріне жасырады. Келесі топ оның қандай оқиға екенін тауып, талдау жасайды.

Топтар бір-бірін бағалайды.

ТАПСЫРМА.

Дүниежүзіндегі XX ғасырдағы ірі саяси оқиғалардың біреуіне талдау жасаңыз. Мысалы: 1941-45 жылдардағы II-дүниежүзілік соғыс, Корей соғысы, «Африка жылы», КСРО-ның ыдырауы.

Топтар бір-бірін бағалайды.

ТАПСЫРМА.

Екі топ өздеріне жасырын түрде берілген елді алып, оның қай мемлекет екенін тауып, оның геосаяси орнына, өзге мемлекеттермен жүргізетін саяси қатынастарына, басынан кешірген саяси-географиялық өзгерістеріне талдау жасайды.

Топтар бір-бірін бағалайды

Сабақтың соңы

Сабақты қорытындылау. Географиялық диктант. Орындап болғасын, көрші жұптар бір-бірінің тапсырмаларын тексереді.

Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз?

Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз? Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?

Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау

Барлық оқушылар:

1. Геосаясат, саяси география ұғымдарына жалпы сипаттама береді;
2. Геосаясаттың мақсаты мен міндеті саралай алады.

Көптеген оқушылар:

3. Қазақстанның биіктік белдеулерінің ерекшеліктерін анықтап, таралуын кескін картада

көрсетеді.

Кейбір оқушылар:

4. Қазақстанның табиғат зоналары мен биіктік белдеулеріне салыстырмалы талдау жасайды.

Топтық бағалау-

Мәтінмен жұмыс кезінде

Өзіндік бағалау-

Сабақ соңында кері байланыс беру арқылы өзіндік бағалау жүреді.

Сабақ бойынша рефлексия:

Сабақ мақсаттары немесе оқу мақсаттары шынайы қолжетімді болды ма?

Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме?

Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз?

Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?

Сабақ кезеңдерінде тиімді пайдаландыңыз ба?

Сабақ жоспарыңыздан ауытқу болды ма және неліктен? Бұл тарауды сабақ туралы рефлексия жасау үшін пайдаланыңыз. Сол бағандағы өзіңіз маңызды деп санайтын сұрақтарға жауап беріңіз.

Сабақ мақсаттары/оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме?

Жеткізбесе, неліктен?

Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме?

Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма?

Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?

Жалпы бағалау:

Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқу мен оқытуға қатысты)?

1. топтық жұмыс

2. оқушылардың өзіндік жұмысы

Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқу мен оқытуға қатысты)?

1. Google Jamboard сияқты вебчаттарды көбірек қолдану

2. қосымша материалдармен көбірек жұмыстану

Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекеленген оқушылардың жетістіктері – қиыншылықтары туралы нені анықтадам, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет?

КМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimgger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.